

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 02 қыркүйектегі № а-8/192 қаулысы. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № а-12/317 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 12.12.2025 № а-12/317 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 28 желтоқсандағы № 504 бұйрығының 4-тармағына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35569 болып тіркелген), Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №281 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген), жан басына шаққандағы тарифтің есептеулерін жүргізсін.

2. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ерейментау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Н.Мұкатов

Ерейментау ауданы
әкімдігінің 2025 жылғы
"02" қыркүйектегі
№ а-8/192 қаулысына қосымша

Бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтерге жан басына шаққандағы тариф

		Көрсетілетін қызметті алушының түрлері	
			1 қызмет алушыға

№	Мекеме түрлері	Кіші түрі	Көрсетілетін қызметті алушының жағдайы	1 күнгі тариф (тенге)
1	2	3	4	5
1.	Үйде қызмет көрсету	Қарттар, мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдар	130 адам	2168,29

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК